

Аршалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № А-40 "2013 жылға Аршалы ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 қазандағы № А-337 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 қазанда № 3867 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № А-29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 08.01.2014 № А-29 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аршалы ауданы әкімдігінің "2013 жылға Аршалы ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2013 жылғы 25 қаңтардағы № А-40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3654 тіркелген, 2013 жылғы 1 наурызда аудандық "Вперед" және "Аршалы айнасы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспесі жана редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Аршалы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің орынбасары А.Е.Мүсралимоваға жүктелсін.

3. Осы Аршалы ауданы әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

Қ.Қарауылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК